

2010 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Абай ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 03 желтоқсандағы N 28/05 қаулысы. Қарағанды облысы Абай ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 11 желтоқсанда N 8-9-69 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 14 желтоқсандағы N 28/16 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданы әкімдігінің 2010.12.14 N 28/16 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысымен бекітілген Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру ережелеріне сәйкес Абай ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырушы Абай ауданының ұйымдары, кәсіпорындары, мекемелерінің тізімі, жұмыс түрлері мен көлемдері қосымшаға с ә й к е с б е к і т і л с і н .

2. Қоғамдық жұмыстарда істейтін жұмыссыздардың еңбекақы мөлшері Қазақстан Республикасында бекітілген ең аз еңбекақысынан төмен емес, толық емес жұмыс күні немесе оралымды кесте бойынша жұмыс істеу мүмкіндігімен б е к і т і л с і н .

3. Қоғамдық жұмыстарда істейтін азаматтардың еңбек төлемі жергілікті бюджет қаражатынан қамтамасыз етілсін.

4. Жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі уәкілетті орган (Ақсанов Серік Айткенұлы) нақты еңбек жағдайларын көрсетіп, жұмыс берушілермен қоғамдық жұмыстарды орындауға бір үлгідегі келісімшарттар жасасын.

5. Абай ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 18 желтоқсандағы N 35/03 "2009 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" (Абай ауданының әділет басқармасында 2009 жылғы 12 қаңтарда N 8-9-52 тіркелген, 2009 жылғы 16 қаңтарда N 4 "Абай-Ақиқат" аудандық апта сайынғы газетінде жарияланған) қаулысы күшін жойған болып саналсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Абай ауданы әкімінің орынбасары

Ібірахым Ісләмұлы Ісләмовқа жүктелсін.

7. Осы қаулы оның алғашқы жарияланған күнінен бастап 10 күнтізбелік күн өткеннен кейін әрекет етеді.

Абай ауданының әкімі

Т. Алтынбеков

А б а й а у д а н ы ә к і м д і г і н і н
2 0 0 9 ж ы л ғ ы 0 3 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 2 8 / 0 5 қ а у л ы с ы н а
қосымша

2010 жылға Абай ауданының кәсіпорындары, ұйымдары және мекемелері бойынша қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемдерінің тізімі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Абай ауданы әкімдігінің 2010.03.11 N 04/27 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

Кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер	Адам саны	Қоғамдық жұмыстардың түрлері
Абай ауданы әкімдігінің "Жігер-2004" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	317	Тұрғын үй массивтерінің аумақтарын қоқыстардан тазарту, қаланы көркейту, көгалдандырылу, экологиялық жақсарту және басқа жұмыстар.
Пәтер иелерінің кооперативтері	12	Үйлерді қысқы жылыту кезеңіне дайындау және басқа жұмыстар.
Аудан, қала, ауыл, кент әкімдерінің аппараттары	134	Санитарлық тазарту және көркейту, көгалдандырылу, экологиялық жақсарту. Қосалқы, жөндеу-құрылыстық жұмыстары, салық жинау, малды түгендеу бойынша жұмыстарды өткізу, статистикалық сауалнамалар өткізуге, халықты қамтылған қабаттарына атаулы әлеуметтік көмек және мемлекеттік балалар жәрдемақысы құжаттарды жинауға көмектесу және басқа жұмыстар.
Абай ауданының қаржы бөлімі, Абай ауданының қазынашылық басқармасы, Абай ауданының жер қатынастары бөлімі	6	Қосалқы және жөндеу-құрылыстық жұмыстар, мұрағат, курьерлік және басқа жұмыстар.
Абай ауданының денсаулық сақтау мекемелері (Топар кентінің аудандық медициналық бірлестігі, Абай қаласының орталық қалалық ауруханасы, "Абай қаласының емханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны)	9	Қосалқы және жөндеу-құрылыстық жұмыстар, аумақтарды көркейту және басқа жұмыстар.
Абай ауданының мәдениет мекемелері (Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі, бос уақытын өткізу орталығы, "Абай Құнанбаев атындағы әдеби-мемориалдық мұражайы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны, Абай ауданының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі)	15	Жылыту кезеңіндегі қосалқы және жөндеу-құрылыстық жұмыстары. Жылыту кезеңіндегі қосалқы жұмыстар. Мәдени іс-шаралар өткізу және басқа жұмыстар.

Әлеуметтік көмек көрсету мекемелері (Абай ауданы бойынша зейнетақы төлеудің мемлекеттік орталығы, Абай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, зейнеткерлер мен мүгедектерді әлеуметтік оңалту орталығы)	12	Қосалқы және жөндеу-құрылыстық жұмыстар. Халықтың әлеуметтік әлсіз топтарына көмек : қызмет көрсету, мұрағат құжаттарын өңдеу. Халықтың аз қамтылған қабаттарына атау әлеуметтік көмекке және мемлекеттік бала жәрдемақысына құжаттарды жинауға көмек. Курьерлік және басқа жұмыстар.
Абай аудандық қорғаныс ісі жөніндегі бөлім	10	Әскерге шақыру және жазылу компанияларын өңдеу кезінде құжаттандыруға және шақыру қағаздар таратуға көмектесу және басқа жұмыстар.
Абай аудандық ішкі істер басқармасы, Абай аудандық прокуратурасы, Абай аудандық әділет басқармасы, Абай аудандық соттары, сот орындаушыларының аумақтық бөлімдері , Қылмыстық-атқару жүйесін бақылау басқармасы	60	Қосалқы және жөндеу-құрылыстық жұмыстар. Халықты құжаттандыруға көмектесу. Мұрағат құжаттарын өңдеу. Курьерлік және басқа жұмыстар.
Абай ауданының төтенше жағдайлар бөлімі	3	Халықты өрт қауіпсіздігі білімдеріне оқыту және басқа жұмыстар.
Абай ауданының статистика бөлімі	3	Жеке кәсіпорындардың конъюнктурлы зерттеулеріне көмектесу, мұрағат, курьерлік және басқа жұмыстар.
Абай ауданы бойынша салық басқармасы	10	Халықтан салық жинауға көмектесу. Есеп кампаниясын өткізуге көмектесу және басқа жұмыстар.
Абай ауданының кәсіпкерлік бөлімі	2	Мұрағат құжаттарын өңдеу. Курьерлік және басқа жұмыстар.
Абай ауданының ішкі саясат бөлімі	1	Мұрағат құжаттарын өңдеу. Курьерлік және басқа жұмыстар.
Құрылыс бөлімі, Абай ауданының архитектура және қала құрылысы бөлімі	2	Абай ауданының алаңдарын, саябақ, көшелер, дизайнерлік ресімдеу, Архикад, Авток компьютерлік бағдарламаларымен жұмыс істеу және басқа жұмыстар.
Абай ауданының мұрағаты, Абай ауданы бойынша мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы, "Нұр Отан" халықтық демократиялық партиясының Абай аудандық филиалы, Абай ауданының ауыл шаруашылық және ветеринария бөлімі	4	Мұрағат құжаттарын өңдеу. Курьерлік және басқа жұмыстар.
Барлығы	600	